Пайдалану бойынша нұсқаулық

Wi-Fi адаптері
AP-W1300R
AP-W600RC

DEXP

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімімізді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау жөніндегі ұсынымдар қамтылған осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз және құрылғыны одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғы мақсаты

Wi-Fi адаптері өзіне қосылған жабдықпен желілік байланысты қамтамасыз етуге арналған.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны тек мақсатына сай қолданыңыз.
- Бұл құрылғыны су көздеріне тікелей жақын жерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны ешқашан су ағынының астына қоймаңыз және суға батырмаңыз.
- Құрылғыны ылғалдылығы жоғары үй-жайларда пайдаланбаңыз.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар үшін, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Адаптерді күн сәулесінің немесе шамадан тыс қызудың әсеріне ұшыратпаңыз.

- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Құрылғыны пайдалану кезінде түтін, әдеттен тыс дыбыс немесе иіс пайда болса, құрылғыны пайдалануды дереу тоқтатыңыз, оны қуат көзінен ажыратыңыз және уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғының құрылымына ешқандай өзгеріс жасамаңыз.

Техникалық сипаттамалар

Үлгісі	AP-W1300R	AP-W600RC
Сауда белгісі	DEXP	
Қосылу интерфейсі	USB	
Wi-Fi параметрлері	Сымсыз байланыс стандарттары: IEEE 802.11 a/b/g/n/ac; Радиожиілік жолақтары: 2400–2483,5 МГц, 5150–5350 МГц, 5650–5850 МГц; Таратқыш қуаты: ≤ 20 дБм	
Wi-Fi класы	AC1300	AC650
2,4 ГГц жиілігіндегі макс. жылдамдық	400 Мбит/с	200 Мбит/с
5 ГГц жиілігіндегі макс. жылдамдық	867 Мбит/с	433 Мбит/с
Бір мезгілде екі диапазонда жұмыс істеу	Иә	
Антенна түрі	Сыртқы	
Үйлесімді ОЖ	Windows	
Чипсет	RTL8812BU	RTL8811CU

Үлгісі	AP-W1300R	AP-W600RC
Қолдану саласы	Тұрмыстық	
Жинақталым	Wi-Fi адаптері, пайдалану бойынша нұсқаулық	

Пайдалану

1. Адаптерді компьютердің USB-портына салыңыз.
2. Бағдарламалық жасақтаманы (БЖ) https://www.dns-shop.kz/ сайтынан, тауар бетінен жүктеп алыңыз.

   Ескертулер

   - Бағдарламалық жасақтаманы жүктеп алуды бастамас бұрын, оны қажетті тауар карточкасынан жүктеп алып жатқаныңызға көз жеткізіңіз (ол үшін қорапта, пайдалану бойынша нұсқаулықта көрсетілген модельдің әріптік-сандық атауын енгізіңіз).

   - Жүктеп алу немесе орнату кезінде қиындықтар туындаса, бағдарламалық жасақтаманы жойып көріңіз, антивирустық қорғанысты уақытша өшіріңіз, бағдарламалық жасақтаманы қайта жүктеп алыңыз, адаптердің бағдарламалық жасақтамамен байланысын тексеріңіз. Жоғарыда сипатталған шешім көмектеспесе, қолдау қызметіне хабарлаңыз.

3. Сымсыз Интернет-байланысты орнатыңыз.
   - Тапсырмалар тақтасындағы «  » немесе «  » белгішесін басыңыз.
   - Тізімнен өз үй желіңізді таңдап, Wi-Fi-ға қосылыңыз.

Ықтимал мәселелер және олардың шешімдері

Мәселе	Шешім
Баяу жылдамдық немесе тұрақсыз байланыс	Wi-Fi сигналының деңгейін тексеріңіз: сигнал әлсіз болса, компьютерді роутерге жақындатыңыз; антеннаның орнын өзгерту де сигналды қабылдау сапасын жақсартуға көмектесуі мүмкін
	Арнаны 2,4 ГГц-тен 5 ГГц-ке ауыстырыңыз немесе керісінше
	Компьютердегі USB 3.0 портына қосылыңыз
Желіге қосылу мүмкін емес	Сымсыз құрылғыларыңызды қайта іске қосып, оларды қайтадан Wi-Fi желісіне қосыңыз
	IP-мекенжай автоматты түрде орнатылмаса, «IP мекенжайды автоматты түрде алу» баптауын таңдаңыз
	Роутердің сымсыз желі арнасын ауыстырыңыз
Қолжетімділер тізімінде құрылғы жоқ	Wi-Fi 6 стандартындағы роутермен қосылымдардың оңтайлы өнімділігіне қол жеткізу үшін жұптастыруды орындаңыз

Орнату, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғыны орнату немесе тұрақты бекіту қажет емес.

- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы +5 °С-тан +40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын орауышта жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдар, сілтілер буы) болмауы тиіс.

- Құрылғыны тасу құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.

- Құрылғыға ұқыпты қарау қажет, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны сату жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.

- Құрылғының қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңдарға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электронды жабдықтарды қабылдайтын тиісті пунктке тапсырылуға тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және дұрыс емес қарау жағдайында туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келетін зиянның алдын алуға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат


Manufacturer: Guangzhou Amplec Electronic Co., Ltd.
403A, Building B, No. 8 Congling Street, Nansha District, Guangzhou City, China.

Өндіруші: Гуанчжоу Амплек Электроник Ко., Лтд. 403A, B ғим., Цунлин к-сі, №8, Наньша ауд., Гуанчжоу қ., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.
Электрондық пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Өнім сапасын жақсарту мақсатында сипаттамалар, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала хабарламай өзгертілуі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнім сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсету өнім пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 6 ай.
Пайдалану мерзімі: 6 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:
https://www.dns-shop.kz/service-center/

Жазбалар үшін

